GUMILYOV JOURNAL OF HISTORY
ISSN: 3080-129X. eISSN: 3080-6860
DOMESTIC HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
МРНТИ 03.20.00

https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-156-3-115-138

Some sources of Kurbangali Khalidi's work "Tawarikh-i khamsa-i sharqi"

Z. Ilyassova[a]✉, **N. Atygayev**[b]
[a]*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*
[b]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
✉*nuratygaev@mail.ru*

Abstract. The article examines the source-based foundations of the work "Tawarikh-i hamsa-i sharqi на Tawarikh-i khamsa-i sharqi" (The History of the Five Eastern Peoples) by the historian, ethnographer, and religious figure Qurbangali Khalidi, who lived in the second half of the 19th and early 20th centuries. The aim of the research is to identify the written sources used by the author in the sections related to the history of Kazakhstan within this work and to demonstrate their scientific significance for national history. Qurbangali Khalidi is a figure who holds a unique place in the cultural history of pre-revolutionary Kazakhstan; he was a compatriot and contemporary of the great Abay, as well as a scholar and religious figure. He was born in 1846 into a Tatar family in the city of Ayagoz in eastern Kazakhstan and passed away in 1913 in the city of Chuguchak (Tacheng), located in present-day China. Qurbangali Khalidi was a highly educated individual of his time; at the turn of the century, he researched Kazakh history and culture and published historical works such as "Tarikh-i jarida-i jadida" (The New Historical Journal) and "Tawarikh-i hamsa-i sharqi на Tawarikh-i khamsa-i sharqi". These works are important contributions reflecting the historical understanding of the early 20th century. The work " Tawarikh-i hamsa-i sharqi на Tawarikh-i khamsa-i sharqi," published in Kazan in 1910, deserves special mention. This labor serves as an important source providing valuable data on the history, historical geography, ethnography, and spiritual and material culture of the Turkic peoples inhabiting the steppe regions of Eurasia. Qurbangali Khalidi wrote his work in the "common language" of the Turkic peoples of the modern era, based on the written heritage of the medieval Chagatai language. Furthermore, the author freely utilized ancient scientific terms from the Arabic and Persian languages. Both Qurbangali Khalidi himself and his work " Tawarikh-i hamsa-i sharqi на Tawarikh-i khamsa-i sharqi" remained little known in national historiography for a long time. This was influenced by Soviet ideology as well as the language of the work and its use of the Arabic script. Only after Kazakhstan gained independence did " Tawarikh-i hamsa-i sharqi на Tawarikh-i khamsa-i sharqi" become a subject of specialized research. In 1992, an abridged translation of the work into modern Kazakh was published for the first time, and the labor began to enter scientific circulation. Scientific studies dedicated to the scholar and his written heritage have since been published. In the course of the research, information related to the history of Kazakhstan in Qurbangali Khalidi's work " Tawarikh-i hamsa-i sharqi на Tawarikh-i khamsa-i sharqi" was compared with data from the historical works of medieval and early modern scholars. Consequently, it was established that the author utilized information from such works as "Tarikh al-Rusul wa al-Muluk" by al-Tabari (10th c.), "Kitab al-Ibar" by Ibn Khaldun (15th c.) , "Rawzat al-Safa" by Mirkhond (15th c.), "Tarikh-i Rashidi" by Mirza Muhammad Haidar Dughlat (16th c.), "Mir'at al-Ka'inat"

© Z. Ilyassova, N. Atygayev, 2026

by Nishandjy-zade (17th c.), "Jihannuma" by Katip Çelebi (17th c.), "Shajara-i Turk" by Abu al-Ghazi Bahadur Khan (17th c.), and "Mustafad al-akhbar" by Shihabuddin Marjani (19th c.). The study identified that the work "Jihannuma" used in " Tawarikh-i hamsa-i sharqi на Tawarikh-i khamsa-i sharqi", for which the author's name was not specified, belongs to the famous Ottoman scholar Katip Çelebi, thereby demonstrating the source-based foundation of the work. As a result, it was determined that Q. Khalidi created an original synthetic historical work by relying on the labors of medieval Muslim and Turkic historians. Additionally, the source-critical and historiographical value of his work was defined.
Keywords: Kurbangali Khalidi; Tawarikh-i hamsa-i sharqi; history; Ibn Khaldun; Katib Chelebi; Mirza Muhammad Haidar Duglat

For citation: Ilyassova Z., Atygayev N. Some sources of Kurbangali Khalidi's work "Tawarikh-i khamsa-i sharqi" *Gumilyov Journal of History.* 2026. Vol.156, no.3, pp.115-138. https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-156-3-115-138

Funding: This work was carried out within the framework of program-targeted funding from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2025–2027, under the project BRN No. BR28712621 "Manuscript Heritage of Kazakhstan: Registration, Restoration, Scientific Cataloging, Digitalization, and Comprehensive Codicological Research**".**

Некоторые источники труда Курбангали Халиди "Тауарих-и хамса-и шарки"

З. Ильясова[a], **Н. Атыгаев**[b]

[a]*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

[b]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

Аннотация. В статье рассматриваются источниковедческие основы труда "Таварих-и хамса-и шарки" ("Очерки истории пяти восточных народов") историка-ученого, этнографа и религиозного деятеля Курбангали Халиди, жившего во второй половине XIX – начале XX веков. Цель исследования – определить письменные источники, использованные автором в разделах, касающихся истории Казахстана в данном произведении, и показать их научную значимость для отечественной истории. Курбангали Халиди является одной из личностей, занимающих особое место в истории культуры дореволюционного Казахстана; он был земляком и современником великого Абая, ученым и религиозным деятелем. Он родился в татарской семье в 1846 году в городе Аягоз на востоке Казахстана, а скончался в 1913 году в городе Чугучак (Шәуешек), расположенном на территории современного Китая. Курбангали Халиди был высокообразованным человеком своего времени; на рубеже веков он исследовал казахскую историю и культуру, опубликовав такие исторические сочинения, как "Тарих-и жарида-и жадида" ("Новые исторические записки") и "Таварих-и хамса-и шарки". Эти произведения являются важными трудами, отражающими историческое познание начала XX века. Особо следует отметить труд Курбангали Халиди "Таварих-и хамса-и шарқи", изданный в 1910 году в Казани. Данное сочинение является ценным источником, предоставляющим важные сведения об истории, исторической географии, этнографии, духовной и материальной культуре тюркских народов, населявших степные регионы Евразии. Курбангали Халиди написал свой труд на "общем языке" тюркских народов нового времени, опираясь на письменное наследие средневекового чагатайского языка. В то же время автор достаточно свободно использовал древние научные термины арабского и персидского языков. Как сам Курбангали Халиди, так и его произведение "Таварих-и хамса-и

шарки" долгое время оставались малоизвестными в отечественной историографии. На это, помимо советской идеологии, повлияли язык произведения и то, что оно было написано арабской графикой. Только после обретения Казахстаном независимости "Таварих-и хамса-и шарки" стал объектом специального исследования. В 1992 году впервые был издан сокращенный перевод произведения Курбангали Халиди на современный казахский язык, и труд начал входить в научный оборот. Были опубликованы научные исследования, посвященные ученому и его письменному наследию. В ходе исследования сведения по истории Казахстана в труде Курбангали Халиди "Таварих-и хамса-и шарки" были сопоставлены с данными из исторических сочинений средневековых ученых и ученых Нового времени. В результате было установлено, что автор в своем труде использовал сведения из таких произведений, как "Тарих ар-русул ва-л-мулук" ат-Табари (X в.), "Китаб ал-ибар" Ибн Халдуна (XV в.) , "Раузат ас-сафа" Мирхонда (XV в.), "Тарих-и Рашиди" Мирзы Мухаммада Хайдара Дулати (XVI в.), "Мир'ату-л-ка'инат" Нишанджы-заде (XVII в.), "Джиханнама" Катиба Челеби (XVII в.), "Шаджара-йи тюрк" Абулгазы Бахадур-хана (XVII в.) и "Мустафад ал-ахбар" Шихабуддина Марджани (XIX в.). В исследовании было выявлено, что упомянутое в "Таварих-и хамса-и шарқи" произведение "Джиханнама", автор которого не был указан, принадлежит известному османскому ученому Катибу Челеби, что позволило раскрыть источниковедческую базу труда. В результате было выявлено, что К. Халиди, опираясь на труды средневековых мусульманских и тюркских историков, создал оригинальный синтетический исторический труд. Вместе с тем была определена источниковедческая и историографическая ценность его работы.

Ключевые слова: Курбангали Халиди; Тауарих-и хамса-и шарки; история; Ибн Халдун; Катиб Челеби; Мирза Мухаммад Хайдар Дулати

Құрбанғали Халидидің "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбегінің кейбір дереккөздері

З. Ильясова[a], **Н. Атығаев**[b]

[a]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

[b]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасыр басында өмір сүрген тарихшы-ғалым, этнограф, діни қайраткер Құрбанғали Халидидің "Тауарих-и хамса-и шарқи" атты еңбегінің деректік негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – аталған шығармадағы Қазақстан тарихына қатысты бөлімдерде автордың пайдаланған жазба дереккөздерді анықтап, олардың отандық тарих үшін ғылыми маңызын көрсету. Революцияға дейінгі Қазақстанның мәдениет тарихында өзіндік орны бар тұлғалардың бірі, ұлы Абайдың жерлесі мен замандасы, ғалым, діни қайраткер – Құрбанғали Халиди. Ол Қазақстанның шығысындағы Аягөз қаласында татар отбасында 1846 жылы дүниеге келіп, 1913 жылы қазіргі Қытай аумағындағы Шәуешек қаласында қайтыс болды. Құрбанғали Халиди өз заманының өте білімді адамы, ол ғасырлар тоғысында қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеп, "Тарих-и жарида-и жадида" ("Жаңа тарих жазбалары") және "Тауарих-и хамса-и шарқи" ("Шығыстың бес елінің тарихы") атты тарихи шығармалар жариялады. Бұл шығармалар XX ғасырдың басындағы тарихи танымын көрсететін маңызды еңбектер. Әсіресе Құрбанғали Халидидің 1910 жылы Қазан қаласында басылып шыққан "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбегін ерекше атап өту керек. Бұл еңбек – Еуразияның далалық аймағын мекен еткен түркі халықтарының тарихы, тарихи географиясы, этнографиясы, рухани және материалды мәдениеті туралы құнды мәліметтер беретін маңызды

дереккөз болып табылады. Құрбанғали Халиди шығармасын ортағасырлық шағатай тіліндегі жазба мұраларды негізге алып, жаңа замандағы түрік халықтарының "ортақ тілде" жазды. Сонымен қатар шығармада автор араб-парсы тілдерінің қадыми ғылыми терминдерін барынша еркін қолданды (Т. Жұртбай). Құрбанғали Халидидің өзі де, оның "Тауарих-и хамса-и шарқи" шығармасы да ұзақ уақыт отандық тарихнамада аз белгілі болды. Оған кеңес заманындағы идеологиямен қатар, шығарманың тілі және оның араб графикасында жазылғаны да әсер етті. Тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін "Тауарих-и хамса-и шарқи" арнайы зерттеу объектісіне айналды. 1992 жылы алғаш рет Құрбанғали Халидидың шығармасының қазіргі қазақ тіліндегі қысқартылған аудармасы баспадан шығып, еңбек ғылыми айналымға ене бастады. Ғалым мен оның жазба мұрасына арналған ғылыми зерттеулер жарияланды. Зерттеу барысында Құрбанғали Халидидің "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбегіндегі Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер ортағасырлық және Жаңа заман ғалымдарының тарихи еңбектердегі мәліметтермен салыстырылды. Нәтижесінде автор өз еңбегінде ат-Табаридің (X ғ.) "Тарих ар-русул уә-л-мулук", Ибн Халдунның (XV ғ.) "Китаб әл-'ибар", Мирхондтың (XV ғ.) "Раузат ас-сафа", Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың (XVI ғ.) Тарих-и Рашиди, Нишанджы-заденің (XVII ғ.) "Мир' ату-л-кә'инәт", Кәтиб Челебидің (XVII ғ.) "Жиһаннама", Әбілғазы баһадүр ханның (XVII ғ.) "Шаджара-йи түрк", Шиһабуддин Маржанидің (XIX ғ.) "Мустафад әл-ахбар" шығармаларының мәліметтерін пайдаланғаны анықталды. Зерттеуде Құрбанғали Халидидің "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбегінде пайдаланған, авторының аты-жөні көрсетілмеген "Жаһаннама" шығармасы белгілі османлық ғалым Кәтиб Челебиге тиесілі екені анықталып, еңбектің деректанулық негізі көрсетілді. Нәтижесінде Қ. Халидидің ортағасырлық мұсылман және түркі тарихшыларының еңбектеріне сүйене отырып, өзіндік синтетикалық тарихи еңбек жасағаны анықталды. Сонымен қатар оның еңбегінің деректанулық, тарихнамалық құндылығы айқындалды.
Түйін сөздер: Құрбанғали Халиди; Тауарих-и хамса-и шарқи; тарих; Ибн Халдун; Кәтиб Челеби; Мырза Мухаммед Хайдар Дулати

Сілтеме жасау үшін: Ильясова З., Атыгаев Н. Құрбанғали Халидидің "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбегінің кейбір дереккөздері. *Gumilyov Journal of History.* 2026. Т.156, no.3, б.115-138. https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-156-3-115-138

Кіріспе

Құрбанғали Халиди (1846-1913) – Қазақстан тарихы мен шығыстану ғылымында елеулі орын алатын тарихшы, этнограф, ғалым. Оның тарихи мұрасы қазіргі уақытта *"Тарих-и жарида-и жадида"* және "*Тауарих-и хамса-и шарқи"* атты еңбектері арқылы белгілі.

Ғалымның алғашқы еңбегі *"Тарих-и жарида-и жадида"* ("Жаңа тарих жазбалары") 1889 жылы Қазанда жарық көрді. Бұл еңбекті даярлау барысында ғалым қазақ даласын аралап, тарихи-этнографиялық материалдар жинақтаған, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы қалаларында татар-башқұрт зиялыларымен, ғалымдармен және баспа өкілдерімен ғылыми байланыс орнатып, солар арқылы шығыс ғалымдарының тарихи еңбектерімен танысқан. Ғалым кейінгі жазылған еңбегінде *"Тарих-и жаридә-и жадидәға"* да бірнеше сілтемелер жасайды.

Құрбанғали Халиди 1897 жылы қажылық сапар жасайды. Оның барысында ғалым Еуропа елдерінде, Түркия мен араб елдерінде болып, шығыстық тарихи мұралармен танысады. Жинаған деректерінің негізінде 1910 жылы Қазанда ғалымның *"Тауарих-и хамса-и шарқи"* ("Шығыстың бес елінің тарихы") атты еңбегі жарық көреді. Бұл еңбектің

басты құндылығы – Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы халықтардың көне және ортағасырлық тарихына қатысты мол деректер беруінде. Онда Қарахан әулеті мен Алтын Орда дәуірі, сондай-ақ Батыс Қытай мен Шығыс Түркістанның қалыптасу кезеңдері туралы маңызды мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар Құрбанғали Халиди қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен этнографиясын, ауыз әдебиеті мен мәдени мұрасын жан-жақты талдап, рулық шежірелерге арнайы тоқталады (Халид 2014: 4). Шығарманың қолжазбасы бүгінгі күні "Ғылым Ордасы" РМК-ның Ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған.

Дегенмен де осы уақытқа дейін Құрбанғали Халидидің *"Тауарих-и хамса-и шарқи"* еңбегіне арналған ішінара бірнеше зерттеу жұмыстары жарияланғанмен, шығарма әлі де болса кешенді түрде қарастыруды, толыққанды дереккөз ретіндегі ғылыми әлеуетін ашуды қажет етеді. Осыған орай мақалада *"Тауарих-и хамса-и шарқи"* еңбегінің қазақ тарихына қатысты деректік маңызы қарастырылып, автордың пайдаланған деректері көрсетіліп, олардың кейбіріне деректанулық талдау жасалады. Зерттеу нәтижелері Құрбанғали Халидидің мұрасын тереңірек зерделеп, оның ғылыми мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Басты зерттеу материалы ретінде Құрбанғали Халидидің *"Тауарих-и хамса-и шарки"* еңбегі алынды. Осы шығарманың қолжазбасын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің "Отырар кітапханасы" ғылыми орталығы мамандары Қазан, Алматы, Бейжің басылымдарымен салыстырып, толықтырып қазақ тіліне аударып, факсимиле, транскрипция және ғылыми түсініктермен 2019 және 2025 жылдары (1–2 кітаптарын) жариялаған. Бұл басылымдар мақаланың негізгі зерттеу объектісі болды. Сонымен қатар, *"Тауарих-и хамса-и шаркидің"* 2014 жылы Б. Төтенаев пен А. Жолдасов аударып, жариялаған басылымы да пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізін тарихи талдау, тарихи-салыстырмалы, деректанулық және баяндау әдістері құрайды. Аталған әдістер Құрбанғали Халидидің еңбегінің деректік маңызын айқындауға, тақырыпқа талдау жасау кезінде объективті қарауға, оның басқа ғылыми еңбектерден артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында *"Тауарих-и хамса-и шарки" мәліметтері ат-Табаридің* (X ғ.) *"Тарих ар-русул уә-л-мулук"* ("Пайғамбарлар мен патшалар тарихы"), Ибн Халдунның (XV ғ.) *"Китаб әл-'ибар",* Мирхондтың (XV ғ.) *"Раузат ас-сафа",* Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың (XVI ғ.) *"Тарих-и Рашиди",* Кәтиб Челебидің (XVII ғ.) *"Жиһаннама",* Әбілғазы баһадүр ханның *"Шаджара-йи түрк"* ("Түрік шежіресі") және т.б. ортағасырлық еңбектердің мәліметтерімен салыстырылып, талданады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Құрбанғали Халидидің "Тауарих хамса" еңбегі 1910 жылы Қазан қаласында "Өрнек" (Халиди 1910) баспасында жарық көрді. Басылымға алғаш пікір 1908-1917 жж. аралығында Орынборда екі айда бір рет шығып тұрған "Шуро" журналының 1913 жылғы 6 санында редактор Ризаддин Фахрединовтың мақаласында берілді (Мұқанова 2007: 4).

Кеңестік заманда алайда идеологиялық шектеулерге байланысты Қ. Халиди мұрасының деректік мүмкіндіктері толық ашылмай, сыни тұрғыдан кешенді талдау

жасалмады. Тек кейбір сирек жұмыстарда еңбекке және оның авторына қатысты пікірлер айтылды. Мысалы, Е. Бекмаханов "Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында" атты еңбегінде Қазақстан мен Орта Азия тарихы жөнінде шығыс тілдерінде жазылған әдебиеттің ішінен Кәрі – Құрбан-Әли-Қажы-Халид-оғлының түрік-татар тілдерінде жазылған қызғылықты еңбегін айту қажет. Автордың араб, түрік және парсы тілдерінде көп-көп деректер келтірілуіне қарағанда, бұл кісі шығыс елдері тарихының білгірі болса керек" деп жазған (Мұқанова 2007: 4).

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары қазақстандық ғылыми жұртшылық назарына Қ. Халиди және оның еңбегі туралы алғаш мағлұматтардың бірі әдебиеттанушы Бүркіт Ысқақовтың "Ұмытылмас есімдер. Ұлы ғалымдар өмірінен (XV-XX ғасырлар)" атты мақаласында берілді (Ысқақов 1994).

Ж. Кармышева Құрбанғали Халидиді қазақтың тарихи-өлкетанулық және этнографиялық ойының өкілі ретінде арнайы қарастырған алғашқы зерттеушілердің бірі саналады. Ол 1973 жылы жарық көрген "Казахстанский историк-краевед и этнограф Курбангали Халиди" атты көлемді мақаласында Халидидің өмір жолын талдап, оны қазақ халқының, сондай-ақ Орта Азия мен Шығыс Түркістан халықтарының төңкеріске дейінгі тарихы мен этнографиясын зерттеген тарихшы-өлкетанушы әрі этнограф ретінде бағалады (Кармышева 1973).

Елімізде Құрбанғали Халиди мұрасына деген ғылыми қызығушылық тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болды. 1992 жылы Б. Төтенаев пен А. Жолдасовтың еңбектің "Тауарих хамса (Бес тарих)" атауымен жасаған қазақ тіліндегі аудармасы ғылыми айналымға кеңінен енуіне жол ашты (1992). Осы кезеңнен бастап еңбек тарихшылар, әдебиеттанушылар және этнографтар тарапынан деректік материал ретінде белсенді пайдаланыла бастады. Шығарманы М. Мағауин "Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет" атты еңбегінде (1992), Ш. Керімов "Күйеу келтір, қыз ұзат" атты еңбегінде (1992), А.Н. Мұқанова Құрбанғали Халидтің "Тауарих хамса" еңбегі қазақ тарихының дерегі ретінде" атты диссертациясында (2007) қарастырды. 2013 жылы Б. Төтенаев пен А. Жолдасов дайындаған басылымның көшірмесі М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеген "Әдеби жәдігерлер" сериясының 20-томында ғалым Серік Қорабаевтың жетекшілігімен грамматикалық және емлелік тұрғыдан өңделіп, қайта жарияланды (Әдеби жәдігерлер 2013). Сондай-ақ Б. Төтенаев пен А. Жолдасовтың кітабы 2014 жылы ешқандай өзгертусіз қайта басылды (Төтенаев 1992; Халиди 2014; Тулибаева 2026).

2014 жылы Қытайдың Шығыс Түркістан аймағының зерттеушілері Хафиз Саттар Салих пен Қызыркелді Әбдірахманұлы Құрбанғали Халидидің еңбегін "Тауарих хамса: бес тарих" деген атпен қайта аударып, Бейжін қаласындағы "Ұлттар баспасынан" жариялады. Аталған басылым да Б. Төтенаев пен А. Жолдасов жасаған аудармаға сүйене отырып жазылған (Халиди 2014). Дегенмен, бұл аударма Құрбанғали Халиди мұрасының халықаралық ғылыми кеңістікте танылуына ықпал етті.

2015 және 2019 жылдары "Отырар кітапханасы" Ғылыми орталығы зерттеушілері, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Тұрсын Жұртбай (Жұртбай 2015), тарих ғылымдарының докторы, профессор Д. Махат және аудармашылар Б. Мұстафаев пен Ш. Бегімтаев (Жұртбай 2018) *"Тауарих-и хамса-и шарки"* қолжазбасын қазіргі қазақ тіліне аударды. Ғылыми топ 1992 жылы және 2014 жылы шыққан нұсқаларды Қазанда 1910 жылы шыққан нұсқамен салыстырып, ондағы кейбір араб, парсы тілдеріндегі сөздердің, сөйлемдердің дұрыс аударылмағандығы, кейбір бөліктердің мазмұндалып аударылғандығын анықтап, еңбекті қайта толық басуды қолға алды. Еңбектің бірінші кітабы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Баспа-редакция

орталығынан 2019 жылы басылып шықты (Халиди 2019).

Басылымды дайындау барысында Б. Мустафаев Құрбанғали Халидидің *"Тауарих-и хамса-и шарқи"* еңбегінің "Ферғана хандарының баяны" атты бөлімнің жекелеген бөліктеріне салыстырмалы-салғастырмалы, лингвистикалық және текстологиялық әдістер қолданып, мәтіндік айырмашылықтар мен аударма ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда талдады. Зерттеуші Қ. Халидидің "Тауарих-и хамса-и шарқи" атты шығармасындағы кейбір сөздердің тарихи-салыстырмалы талдауы атты мақаласында шығармада кездесетін кейбір көнерген сөздердің түп-төркінін, шығу тегін түсіндіріп, олардың қазіргі заманда қалай қолданылып жүргенін көрсетіп, қазақ тіліндегі мағыналарын салыстырды (Мустафаев 2024).

2025 жылы "Отырар кітапханасы" ғылыми орталығы ғалымдары *"Тауарих-и хамса-и шарки"* еңбегін қайта қазақ тіліне аударып, оның 1–ші және 2-ші кітабын жарыққа шығарды. Басылымға факсимиле, транскрипция және ғылыми түсініктемелер берілді (Халиди 2025а). Аталған басылымның негізгі ерекшелігі – алдыңғы жариялымдарда орын алған мәтіндік кемшіліктердің қайта тексеріліп, жүйелі түрде өңделуі, сондай-ақ қолжазба нұсқаларында сақталған тың деректермен толықтырылуы болып табылады. Сонымен қатар бұл еңбекте түпнұсқа қолжазба, 1910 жылы Қазан қаласында жарық көрген баспа нұсқасының кітаби мәтіні, қазіргі ғылыми талаптарға сай дайындалған транскрипция және қазақ тіліндегі толық аудармасы қатар берілген. Алдағы уақытта еңбектің тағы 3 кітабы баспаға дайындалуда. Мұндай кешенді басылым зерттеушілерге мәтінді салыстырмалы түрде талдауға, деректанулық және текстологиялық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Факсимиле, транскрипция және аударманың қатар берілуі бұл басылымның ғылыми қолдану аясын кеңейтіп, зерттеушілердің пайдалануы үшін кең мүмкіндік ашады.



Құрбанғали Халиди "Тауарих-и хамса-и шарки" басылымнан үзінді (2025)

Kurbangali Khalidi "Tauarih-I Hamsa-I Sharki" excerpt from the publication (2025)

Б. Төтенаев пен А. Жолдасов кітаптың алғысөзінде 1910 жылғы Қазан баспасында жарық көрген нұсқаның 10 тараудан тұратынын және бет саны 798 екенін, сондай-ақ 520-700-беттердің толық қайталанатынын атап көрсетеді (Халиди 1910, 2014: 3). Б. Мустафаев "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбегінің Қазанда басылған нұсқасы 798 беттен тұрса, Б. Төтенаев пен А. Жолдасов аударған нұсқа 304 беттен тұрады. Осы жерден-ақ еңбектің едәуір қысқарғанын байқауға болады", – деп жазады (Мустафаев 2024: 6). Қазан баспасындағы біз қарастырып отырған бөлімнің 188, 190, 193-194, 198, 200-202, 205-207, 238-241, 244-245, 261-264-беттері қолжазбада кездеспейтіні анықталған. Бұл беттердің жоғалған болуы да мүмкін. Сонымен қатар авторлар кітаби нұсқада да бірқатар қателіктер бар екенін, қолжазбадағы кейбір абзацтар мен өлең жолдарының кітаби нұсқаға енбегенін, сондай-ақ адамдардың есімдерінде де қателіктер кездесетінін көрсетеді (Халиди 2025б: 5).

Жоба жетекшісі академик Т. Жұртбай "тарихшы екі шығармасын да өз заманының талабына сәйкес, исі түрік қауымының зиялылары мен оқымыстылары орнықтыруға ұмтылған шағатай жазба мұраларын негізге ала отырып "ортақ тілде" жазды, яғни түрік, татар, өзбек, ұйғыр, қазақ, қырғыз, түрікмен, башқұрт, қырымшақ тілдерінің кітаби үлгісін араластыра пайдаланып, араб-парсы тілдерінің қадыми ғылыми терминдерін барынша еркін қолданды", – деп көрсетеді (Халиди 2025а: 5). Құрбанғали Халидидің қандай ортада тәлім алғаны, оның шариғат, мағрифат, тариқат жөніндегі танымының қалыптасуы, өзі арқау еткен халықтар (бүгінгі қазақ, өзбек, қырғыз, татар, тәжік, ұйғыр, түрік, түркімен, башқұрт, қалмақ, қытай, орыс, ауған, араб, парсы, ноғай, моңғол, мәнжу, жоңғар т.б.) мен хандықтардың тарихын қандай деңгейде білді және дереккөздерін қайдан алды? Осы тақырыпты қамтыған өзге де авторлар мен зерттеушілердің деректері *"Тауарих-и хамса-и шарқимен"* қаншалықты үйлеседі, деректік және көзқарас тұрғысынан алғанда қандай айырмашылықтары бар. Осы сұрақтар кітапты баспаға дайындаушыларды қызықтырды. Кітаптың тілдік, стильдік және терминологиялық ерекшеліктері, "Бес тарих" пен "Жаңа тарихтың" жазылу мақсаты мен уақыты, сондай-ақ бұл еңбектің ғылыми айналымға кеш түсу себептерін айқындауды да жоба мүшелерінің зерттеулерінің басты бағыттарының бірі ретінде белгіленді. Араб, парсы, түрік, шағатай тілдерін аралас қолданылған еңбектің аударылуы, транскрипциялануы да оңай болмады. Ол үшін шығыс тілдерін терең меңгерумен қатар, мәтіннің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері мен ғылыми терминологиясын дәл анықтау қажет еді. Мұның бәрі зерттеу тобының аудармашылары – шығыстанушы Б. Мұстафаев пен түркітанушы Ш. Бегімтаевтың атқарған жұмыстары жеңіл болмағанын көрсетеді.

Құрбанғали Халидидің пайдаланған дереккөздері.

Құрбанғали Халидидің өз ескертуіне қарағанда "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбегін жазғанда, ол естіген, жүрген жерінде жинаған материалдармен ғана шектелмеген. Ол өзінен бұрынғы ғалымдар араб, парсы, түркі, еуропа тілдерінде жазылған X ғасырдан XIX ғасырға дейінгі тарихи кезеңді қамтитын елуден астам еңбектерді молынан пайдаланған (Халиди 2025а: 24).

"Тауарих-и хамса-и шарқида" сол дереккөздерінің бірі ретінде *"Тарих-и Табари"* атты еңбек аталған. Мысалы, Құрбанғали Халиди "Алтышаһар хандары. Алтышаһар туралы" атты бөлімінде Шығыс Түркістан (Қашқар) хандарының тарихын баяндаған кезде келесі мәлімет келтірген: "Хазіреті Құтайба бұл сапарында он-он екі адамнан құралған елшілер тобын Қашқарға өкіл етіп жіберген еді. Тарихшылар "Чин" деп жазып отырғандары осы Қашқар болуы мүмкін. "Тарих-и Табариде": "Құтайбаның Қашқарды жаулап алуы және

Чинге ғазауатқа аттануы" деген жазу Қашқар алынғаннан кейін Чинге аттанғанын мегзесе керек. Бірақ шындыққа жүгінсек, оның Қашқардан өтіп, Чинге аттанғаны және ол жердің халқын исламға шақырғаны беймәлім. Егер Қашқарды басып өтіп, шығысқа бет алғаны рас болса, онда Чинге дейінгі ұзақ жолда орналасқан қалалардың бірі болмаса бірі туралы аз да болса мәлімет берілетін еді. Өйткені Қашқар мен Чин арасы жақын жер емес, бірнеше айлық жол. Ал "Тарих-и Табариде" Чин сөзінің түпкі мағынасы Түркістан (Чин), оның астанасы осы Қашқар. Анығын Алла біледі" (Халиди 2025а: 197-199).

Мұның алдында Құрбанғали Халиди "Омейа әулетінен шыққан алғашқы халиф – хазіреті Мұғауия (Алла оған разы болсын) билігі тұсында Түркістанның Қашқар қаласы арабша "Қақпан", парсыша "Чач" деп аталған. Һижра бойынша қырық бесінші жылы (665 жыл) бұл қаланы арабтар жаулап алған, яғни осы әулеттің алтыншы халифы Уалид ибн Әбділ Мәліктің кезінде Құтайба ибн Мүслімнің Кашмир маңындағы Кунуч (Кануч) қаласын алған соң Балх (Жейхун, қазіргі кезде оны Амудария деп атайды) дариясын тәуекелмен кешіп өтіп, Қашқарға келгені тарихта жазулы. Сонымен қатар ол (Құтайба) уәли болған кезінде халқын исламға шақырғаны белгілі. "Бұл аймақ Хажаждың билігі кезінде ислам дінін қабылдап, оған бағынды", – деген сөз марқұм Құтайбаға қатысты болуы керек. Өйткені Хажаж тарапынан келген алғашқы адам Хорасанның әкімі еді", – деп жазған еді (Халиди 2025а: 197).

Бұл жерде айтылған Уалид ибн Әбділ Мәлік 705-715 жж. жылдары Араб халифатында билік құрған, Умәйя әулетінің 6-шы халифі еді. Оның билігі кезінде халифаттың шығыс бағыттағы жаулап алу саясаты едәуір күшейді. Осы уақытта Хорасанның билеушісі, әскери қолбасшы Құтайба ибн Мүслім Мәуереннахр, Ферғана, Шаш және Шығыс Түркістан бағытындағы жаулап алу жорықтарын ұйымдастырып, исламның Орта Азия аумағына таралуында маңызды рөл атқарды. Сол кезеңде Құтайба ибн Мүслімнің жаулап алу жорықтарына Ирак пен шығыс провинцияларының уәлиі қызметін атқарған Хаджаж ибн Юсуф қолдау көрсетті.

Құрбанғали Халидидің *Тарих-и Табари* деп атаған еңбек – X ғасырдың авторы, Табаристандық ғалым ат-Табаридің *Тарих ар-русул уә-л-мулук* шығармасы.

Әбу Жафар Мұхаммад ибн Жарир ат-Табари (839-923) ислам тарихының көрнекті тарихшысы және мұсылман тарихнамасының атасы болып саналады. Ол Құранға арналған жиырма томдық тәпсірді (Жамиʿ әл-байан, Тафсир ат-Табари), сонымен қатар ислам құқықтануы саласында көптеген еңбектер жазғанымен, тарихта ең алдымен 915 жылы аяқталған *"Тарих ар-русул уә-л-мулук"* ("Пайғамбарлар мен патшалар тарихы") шығармасымен белгілі. Аталған еңбек дүниенің жаратылуынан бастап автор дәуіріне дейінгі жалпыәлемдік тарихты қамтыған исламдағы алғашқы әмбебап тарихи шығарма болып саналады және исламға дейінгі әрі ерте ислам кезеңдеріндегі Орталық Азия тарихын зерттеудегі маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Ат-Табаридің араб тіліндегі түпнұсқа мәтіні XIX ғасырдың соңында Еуропада ғылыми айналымға енгізілді: 1879-1901 жылдары Лейденде (E. J. Brill) Михайл Ян де Гуэнің (1836-1909) жетекшілігімен беделді еуропалық шығыстанушылар тобы еңбекті үш серияда, жалпы он бес том (көрсеткіштер томын қоса алғанда) және шамамен сегіз мың бет көлемінде жариялады (M. de Goeje 1879-1901). Шығарманың тағы бір басылымы Каир қаласында Мухаммед Әбу әл-Фадл Ибраһимнің (1905-1981) ғылыми редакциясымен 1960-1969 жылдары 11 том болып жарық көрді (Aṭ-Ṭabarī 1971-1988). 963 жылы Самани әулетінің (819-999) "тәжік" немесе парсы әмірлігінің уәзірі Әбу Әли Мұхаммад Балʿами ат-Табаридің еңбегінің қысқартылған парсы тіліндегі нұсқасын дайындады. Бұл шығарма жаңа парсы

тіліндегі тарихнамалық жанрдың ең көне ескерткіші болып табылады (Шагинян 2022: 151). Құрбанғали Халиди ат-Табаридің осы парсы тіліндегі қысқартылған нұсқасын пайдалануы мүмкін, себебі қолжазбада деректі парсы тілінде келтіреді. Мақалада дереккөз ретінде ат-Табаридің *"Тарих ар-русул уә-л-мулук"* шығармасының Мухаммад Әбу әл-Фадл Ибрахимның басшылығымен 1971-1988 жылдары жарияланған екінші басылымының 6-шы томы пайдаланылды (At-Tabari 1971).

Құрбанғали Халиди Құтайбаға қатысты мәліметі ат-Табаридің еңбегінде қалай баяндалғанына тоқталайық. Бұл мәліметтер шығарманың ("Қашғардың алынуы және Қытайға жорық") атты бөлімінде hижраның 94/714 жылғы оқиғалар айтылғанда, "Осы жылы Құтайба ибн Мүслім Қашғарды бағындырып, Қытайға жорық жасады" деген деректен басталады.

Ат-Табаридің келтірген мәліметі бойынша, Құтайба ибн Мүслім Қытай шекарасына жақындаған кезде Қытай императоры тікелей соғысқа бармай, алдымен мұсылмандар туралы мәлімет алу үшін өздерінен адамдар жіберуді сұрағаны айтылады. Құтайба арнайы таңдалған елшілерді, олардың басшысы ретінде шешендігімен танылған Хубайра ибн әл-Мушамрижді жіберіп, ислам әскерінің тәртібі мен күшін көрсетеді. Елшілер Қытай сарайына үш түрлі кейіпте келеді: күнделікті тұрмыс киімі, салтанатты киім және толық қаруланған әскери кейіп, осылайша олардың тәртіптілігі мен айбарын паш етеді. Құтайба елшілерге нақты тапсырма беріп, Қытай жерін баспайынша, патшаларын мөрлемейінше және алым-салық алмайынша қайтпайтынын айтуға бұйырады. Елшілер мен патша арасындағы келіссөзде Хубайра мұсылман әскерінің сенімін, өлімнен қорықпайтынын және жорықтың мақсатын жеткізеді. Соңында екі тарап соғыссыз келісімге келіп, Қытай билеушісі Құтайбаның шарттарын орындауға мүмкіндік беретін келісімді қабылдайды.

Ат-Табарида жазуына қарағанда, "Әл-Хакам ибн Осман былай деді: Маған Хорасан елінің бір шейхы әңгімелеп берді. Құтайба (ибн Мүслім) жорығын жалғастырып, Қытайға таяп қалды. Сонда Қытай патшасы оған хат жазып: "Бізге өздеріңмен бірге жүрген игі жақсыларыңнан бір адам жіберіңдер, ол бізге сендер туралы айтып берсін, біз одан діндерің жайлы сұраймыз", – деді. Құтайба әскерінен он екі адамды (кейбір деректерде – он адам) таңдап алды. Олар әртүрлі тайпалардан шыққан, сұлу келбетті, ірі денелі, шешен тілді, айбарлы ерлер еді. Олардың басшысы – тілі өткір, шешен Хубайра ибн әл-Мушамриж әл-Килаби еді ... Құтайба: "Аллаға тапсырдым. Сәлделеріңді шешпеңдер. Елге кіргенде, мен Қытай жерін баспайынша, олардың патшаларын мөрлемейінше және алым-салық алмайынша қайтпаймын деп ант еткенімді айтыңдар", – деді" (At-Tabari 1964: 197).

Ат-Табаридің бұл мәліметтері тарихнамада қарастырылған. Мысалы, осы мәселені зерттеген орыс ғалымы В.В. Бартольдтің пікірінше, Құтайбаның әскерлері солтүстікте Шашқа, ал оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында сол кездегі Қытай империясының құрамына кірген Қашқарға дейін жеткен. Көптеген аймақтарда, соның ішінде Ферғана өңірінде де, араб басқарушылары тағайындалған. В. Бартольд Құтайбаның Қытай шекарасынан аспағаны туралы Г. Гиббтің тұжырымын қолдайды (Бартольд 1963: 244).

Қытай тарихшысы Ван Чжилай да Құтайбаны Қытайды жаулаған жоқ деп жазады. Ол "712 жылы жыл басында Құтайба Мервтен көп қосынмен жолға шығып, Әмудәриядан өтіп Сыр бойына жорық жасады. Ташкент, Хожент, Касан (Хэсай) қалаларын бағындырды. Ол Мервке қайтып барған соң, әр жердегі халықтар түріктерден көмек сұрап арабтарға қарсы тұрды. Шығыс Түрік Мочо қаған немере ұлы Күлтегінді Алты Чжао-у жеріне және соғдыларға жіберді" деген мәлімет келтіреді (Ван Чжилай 2004: 264).

Өзбек ғалымы Ш.С. Камолиддин де араб дереккөздерінде Құтайба ибн Мүслімнің

96/714–15 жылғы Қашқарға жорығы және оның "ас-Син патшасына" жіберген елшілігі туралы мәліметтерді келтіреді. Алайда, ол мұндағы "ас-Син патшасы" Қытай императоры емес, Қашқарға бағынышты болған Хотан билеушісі деп түсіну керек" деген ескертпе айтады (an-Narshahi 2011: 146).

Ирақ зерттеушісі Салих Махди Аммаш пікірінше, һижраның 96 жылы (714 ж.) Құтайба ибн Мүслім Қайс ибн Фалан басқарған алдыңғы жасақты Қашғарға аттандырған. Жасақ қала маңында қытай және түрік күштерімен қақтығысып, кейін Қытай билеушісімен бітім жасалғаны деректерде көрсетіледі. "Тарих-и Бухари" мәліметтері бұл оқиғалардың Шығыс Түркістан аумағында өткенін растайды. Осы кезеңде ұйғыр билеушілерінің жорықтары орын алып, аймақтағы саяси жағдай тұрақсыз болған. Мұсылман әскерлері Қашғар, Хотан және Турфан қалаларында ұзақ уақыт тұрақтай алмады, бұл өңірде буддизм мен христиан діндерінің кең таралуымен байланыстырылады. Жалпы деректер Құтайбаның ислам әлемінің шығыс шекарасынан әрі аспағанын аңғартады. Әл-Уәлид қайтыс болғаннан кейін ол Сулайман ибн Абд әл-Мәликке ант бергенімен, саяси қайшылықтар күшейіп, нәтижесінде Құтайба Хорасанда өз жасағы тарапынан өлтірілді (Ammāsh 1978: 129-132).

Осы мәліметтерді салыстыра отырып, Құрбанғали Халидидің ат-Табаридің мәліметтерін толығымен қайталай салмай, сын көзімен қарап, қажетті деген жерлерін ғана пайдаланғанын көреміз.

Сонымен қатар *"Тауарих-и хамса-и шарки"* шығармасында Құрбанғали Халиди "ғылым иесі Ибн Халдунның" мәліметтерін пайдаланғанын жазады (Халиди 2025а: 197). Бұл жерде арабтың көрнекті ғалымы Ибн Халдун (1332-1406) туралы айтылғаны анық.

Ибн Халдун мұсылман әлемінде жақсы таныс *Китаб әл-'ибар уа диуан әл-мубтада' уа әл-хабар фи айям әл-'араб уа әл-'ажам уа әл-барбар уа ман 'асарахум мин зауи ас-султан әл-акбар* ("Ғибраттар кітабы және арабтардың, парсылардың, берберлердің және ұлы билеушілермен замандас болғандардың тарихы туралы жинақ") атты еңбек жазған ғалым. Бұл шығарма алғаш рет 1857 жылы Каирде Булак» баспасынан жеке том ретінде жарық көрген атақты Мұқаддима бөлімінің арқасында танымал. Басылымды Рифаа ат-Тахтавидің қолдауымен Наср әл-Хурини дайындаған (Ibn Khaldūn 1857). Сонымен қатар, Мұқаддима алғашқы рет османшаға аударылып, алғашқы бес тарауы Мехмед Пиризадидің (1749 ж.қ.б.), алтыншы тарауы Ахмед Жевдеттің (1895 ж.қ.б.) аудармасымен 1858-1859 жылдары жарияланды (Ibn Khaldūn 1275). Францияда еңбектің танылуы түрік тіліндегі аударма арқылы басталды. 1858 жылы Парижде Этьен-Марк Кватремер арабша мәтінді үш томдық "Prolegomenes historiques d'Ibn Khaldoun" деген атпен басып шығарды. 1863 жылы Уильям Макгакин де Слейн үш томдық французша аудармасын жариялады, оны зерттеуші Азиз әл-Азме ең үздік аударма деп бағалайды (Ahmed El Shamsy 2020). Зерттеу барысында Ибн Халдун еңбегінің 2001 жылы жарық көрген басылымы пайдаланылды (Ibn Haldun 2001).

Қазақ халқының шығу туралы мәселені қарастырғанда Құрбанғали Халиди келесі мәлімет келтіреді: "Қазақ хазлахтан шыққан. Хазіреті Ескендір Зұлқарнайын қорған тұрғызған кезде Әжүж-Мәжүждер – қорғанның ішінде, түркілер қорғанның сыртында қалып қойған екен. Сондықтан "тәрк" – сырт қалғаны үшін түрк атанып кеткен-мыс деген де аңыз бар ... Ғылым иесі ибн Халдун: "Төртінші құрлықтың (Азия) тоғызыншы бөлігінің батыс жағында Ферғана, Шаш мемлекеттерінен кейін орналасқан Түркістан тайпаларының оңтүстік жағында Хазлахия жамағатының жері бар", – деп көрсетеді. Сонымен қатарластырып Қимақия тайпасын да жазған. Қазіргі қазақ, қалмақ деген

қауымдар, мүмкін, солар болар? (Халиди 2025а: 197).

Ал Мұқаддима бөлімінде Ибн Халдун бізге маңызды келесі мәліметтер келтірілген: “Осы ықылымның (үшінші – авт.) тоғызыншы бөлігінің батысында, Ферғана мен Шаштан кейін оңтүстігінде Хазлажийа (الخزلجيّة) жері, солтүстігінде Халижа (الخلجيّة) жері орналасқан. Ал бүкіл бөліктің шығысында Кимакия жері жатыр. Оныншы бөліктің барлығы Қуқия тауына дейін жалғасады – бұл шығыстағы ең соңғы бөлік. Сондай-ақ мұнда Мұхит теңізінің бір шеті бар; ол Яжуж бен Мажуж тауы деп аталады. Бұл халықтардың барлығы түркі тайпаларына жатады” (Ibn Haldun 2001: 90).

Осылай *“Тауарих-и хамса-и шарки”* мәтіні мен Ибн Халдунның еңбегінен алынған Хазлажия мен Қимақияға қатысты үзінділерді салыстырғанда, Құрбанғали Халидидің Ибн Халдунның келтірген деректерін толығымен көшірмей, оларды өзгертіп, өңдеп пайдаланғанын байқаймыз.

Құрбанғали Халиди өзінің пайдаланған дереккөздерінің бірін *Раудату-с-сафа* еңбегі деп көрсетеді. Мысалы, “Алтын бесіктің ата-тегі туралы” жазғанда, ол "Ал “Раудату-с-сафа” кітабында: “Шыңғыс хан мен Әмір Темір әулеті осы Түмне ханнан айрылады”, – деп көрсетілген” дейді (Халиди 2025б: 71).

Раудату-с-сафа кітабы дегеніміз XV ғасырдың соңында парсы тарихшысы Мирхонд атымен танымал Мұхаммед ибн Хавандшах Балхидың (1433–1498) жазған *Раузат ас-сафа фи сирати-л-әнбия уә-л-мулук уә-л-хуләфә* (“Пайғамбарлардың, патшалар мен халифтардың өмірбаяндары жөніндегі тазалық бағы”) шығармасы. 7 томнан тұратын еңбектің 6, 7-томдарын Мирхондтың немересі Хондемир толықтырған. Бұл шығарма Орта Азия мен Иранның орта ғасырлық тарихы бойынша ең маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Еңбек жазылған кезден бастап (Темір әулетінің билігі тұсында) өте танымал болды.

Раузат ас-сафаның 5-ші және 6-шы томдарында Шыңғыс хан империясы, Алтын Орда және Әмір Темір дәуіріне қатысты құнды деректер бар. Ирандық көрнекті ғалым, тарихшы және библиограф Аббас Зариаб (Зариаб Хойи) шығармаға ғылыми алғысөз (кіріспе) жазып, мәтінді 1960 жылы Тегеранда жариялады. Бұл басылым қазіргі уақытқа дейін ғылыми ортада ең көп қолданылатын және ең сапалы басылымдардың бірі болып саналады. Жұмыс барысында осы басылымның 1373/1994 жылы қайта жарияланған нұсқасы қарастырылды.

Әмір Темірдің шежіресін жазғанда Мирхонд Темірдің аталары мен Шыңғысханның аталары Тұмнай ханның (تومنای خان) ұрпақтары екенін көрсетіп, одан бөлінетінін жазады (Muhammad ibn Havandshah Balhi 1373: 1011). Бұл мәлімет Құрбанғали Халидидің келтірген мәліметімен толық сәйкеседі.

Араб-парсы тарихшы-географтарының еңбектерімен қоса Құрбанғали Халидидің Осман ғалымдарының түрік тілінде жазған шығармаларын пайдаланғанын көреміз. Мысалы, ол еңбегінде *Мир’ ату-л-кә’инәт (Mir’âtü’l-Kā’inât)* шығармасын атайды. Құрбанғали Халидидің жазуы бойынша, "Мир’ ату-л-кә’инәт” кітабындағы: “Кәмәри ибн Яфистің Бұлғар, Танус атты екі ұлы болды. Қазір ол жерді мекендейтін халықтар – солардың ұрпағы", – деген сөздің мағынасы: “Бұлғарлар түркі мен славяндардың қандарының араласуынан пайда болды" деген тұжырымға еш қайшы келмейді” (Бұл үзінді қолжазбада жоқ) (Халиди 2025б: 79).

Мир’ ату-л-кә’инәт – османдық ғалым Нишанжы-заде Мухйиддин Мехмедтің (қ.б. 1621) сегіз бөлімнен тұратын, түрік тілінде жазылған жалпы тарихи сипаттағы шығарма болып табылады. Еңбекте жаратылыс кезеңінен бастап Османлы дәуіріне дейінгі тарихи

оқиғалар баяндалып, Кануни Сұлтан Сүлейменнің билігінің соңғы жылдары қамтылады. Әртүрлі тарихи дереккөздерден жинақталып, сегіз бөлім түрінде жазылған бұл еңбектің әлемнің кітапханаларында көптеген қолжазба нұсқалары сақталған, сондай-ақ шығарма бірнеше рет басылып шыққан. Атап айтқанда, шығарманың I-II томдары Бұлақ қаласында 1258/1842 және 1269/1852 жылдары, ал Ыстанбұлда 1290/1873 жылы жарық көрген. Сонымен қатар 1987 жылы еңбек А. Фарук Меян тарапынан "*Mir'ât-i Kâinât: Dünya ve İslâm Tarihi"* атауымен ықшамдалып, қарапайым тілде қайта өңделіп жарияланған. Еңбекті жазу барысында автор тек тарих кітаптарын ғана емес, сонымен қатар сира (пайғамбарлар өмірі), тәпсір, хадис, ақида, фиқһ, әдебиетке қатысты шығармалар мен сөздіктерді де кеңінен пайдаланған (Erol 2020: 197; İnan 2022: 107).

Нишанджы-заде Мухйиддин Мехмедтің *Мир' ату-л-кә'инәт* еңбегінің Булак басылымында "Нұх пайғамбардың ұлы Яфестің жағдайы туралы" бөлімінде Кәмәридің Бұлғар және Танус атты екі ұлы болып, уақыт өте келе олардың әрқайсысы әртүрлі өңірлерге қоныстанғаны туралы мәлімет беріледі (Nişancızâde 1269: 88). Аталған дерек жоғарыда көргендей Құрбанғали Халидидің еңбегінде де кездеседі, алайда ол түпнұсқа мәтінді толық келтірмей, оны мазмұндап, ықшамдап берген. Осыған байланысты, Құрбанғали Халиди өз еңбегінде Нишанджы-заде Мухйиддин Мехмедтің *Мир' ату-л-кә'инәт* шығармасын дереккөз ретінде пайдаланған деп тұжырымдауға болады.

Пайдаланған дереккөздерінің бірін Құрбанғали Халиди *Жаһаннаме* деп атайды да, бірақ оның авторы кім екенін көрсетпейді. *Тауарих-и хамса-и шарки* шығармасын баспаға дайындаған "Отырар кітапханасы" ғылыми орталығы мамандары Құрбанғали Халиди Мұхаммед Хайдар Дулатидің 1529-1533 жылдары шағатай тілінде жазылған "Жаһаннаме" атты дастанын пайдаланды деп көрсетеді (Халиди 2025а: 201). Алайда зерттеу барысында Құрбанғали Халидидің пайдаланған *"Жаһан-наме"* деген еңбек түріктің ортағасырлардағы белгілі ғалымы Кәтиб Челебидің *"Жиһаннама"* шығармасы екенін көрсететін мәліметтер анықталды.

"Жиһаннама" – Кәтиб Челебидің (1657 ж.қ.б.) ең маңызды шығармаларының бірі, ол Осман мемлекетінің алғашқы жүйелі географиялық еңбегі саналады. 1055 (1645) жылғы Крит жорығынан кейін карталар мен географияға қатысты еңбектерге ерекше ден қойған Кәтиб Челеби *"Жиһаннаманың"* кіріспесінде география ғылымының адамға үйінде отырып-ақ әлемді шарлаған саяхатшы іспетті дүниені танып-білуге мүмкіндік беретінін, мұндай шығармаларды оқу арқылы өмір бойы сапарда жүргендерден де мол мағлұмат алуға болатынын атап көрсетеді. Автор "Жиһаннаманы" жазуға араб, парсы және түрік тілдеріндегі географиялық әдебиеттердің жеткіліксіздігі, ал батыста бұл ғылымға айрықша мән берілуі себеп болғанын айтады. Осы мақсатта әртүрлі географиялық еңбектерді пайдалана отырып, ислам географтарының кемшіліктерін толықтыруға және география ғылымының өз дәуіріндегі жағдайын көрсетуге ұмтылады. Кәтиб Челеби еңбектің екі бөлімнен тұратынын, алғашқы бөлімде теңіздер, өзендер мен аралдар, екінші бөлімде құрлықтар, әліпби ретімен қалалар және hижраның VII (XIII) ғасырынан кейін ашылған елдер сипатталатынын да атап өтеді (Karakaş-Özür 2014).

"Жиһаннама" еңбегінің қолжазбасы Вена ұлттық кітапханасында MIXT нөмірімен тіркелген. Екінші қолжазба болса Реван 1624 тіркеуімен Топкапы сарайы мұражайының кітапханасында сақтаулы тұр. Екінші қолжазбасы профессор доктор Фуат Сезгин жазған "алғысөз" және "кіріспесімен" жарияланған (Üstüner 2019: 42-47).

Құрбанғали Халиди "Тауарих-и хамса-и шарки" шығармасында "Жаһаннаме" авторы: "Ибн Саид Түркістандағы екі патша сарайының бірі – Қашқарда болса, екіншісі

Бірсажанда орналасқан", деген пікір келтіреді. Фазыл бин Яхия әл-Бармакидің билігі кезінде бұл жердің халқы, негізінен, кәпір түріктер болған. Содан кейін олар ислам дінін қабылдап, селжұқ тайпасына қосылды", – деп жазады (Халиди 2025a: 201). Кәтиб Челеби *"Жиһаннама"* еңбегінде келесі дерек келтіреді: "İbn-i Sa'íd ḳavlince Türkistān'da olan iki dār-ı mülküñ biri Kāşġar ve biri budur. Faẕl bin Yaġyā el-Bermekí zamānında // Ĥalḳı // küffār-ı Etrāk idi. Ŝoñra İslām'a geldiler ve Selçuḳiyye šā'ifesine muší' oldılar. Bundan İslām diyārı Tübbet'e ulaşur / Ибн Саидтің айтуынша, Түркістанда орналасқан екі астана (dār al-mulk) болған, олардың бірі – Қашғар, ал екіншісі – осы қала (Bersācān – Берсажан). Фазл ибн Яхья әл-Бәрмәкидің дәуірінде бұл өңірдің халқы түріктерден шыққан кәпірлер (küffār-ı Etrāk) болатын. Кейіннен олар Ислам дінін қабылдап, Селжұқ әулетіне бағынышты болды. Осы жерден бастап Ислам өлкесі Тибетке дейін жетеді" (Gamze Mutlu 2024: 957).

Оның алдында Құрбанғали Халиди келесі мәлімет келтірген: "Жаһаннаме" кітабының авторы: "Хорасан Жейхунның батысында, ал Мәуереннаһр – аталмыш өзен мен Сейхун арасында, деп көрсетіп, Мәуереннаһрдың солтүстік шекарасы Түркістанмен шектеседі", – деп жазады" (Бұл бөлік қолжазбада жоқ – ауд.) (Халиди 2025a:199-201).

Ал Кәтиб Челебидің *"Жиһаннама"* еңбегінде келесі мәлімет келтірілген: "Бұл бөлімде Хорасан өлкесі, оның шөлейт аймақтары және Кухистан қалалары туралы баяндалады. Ал "Хорасан" атауы "Күннің шығатын жері", яғни "шығыс" деген мағынаны білдіреді. Ежелгі парсылар Күнді "хур", ал бағыт немесе тарапты "сан" деп атаған. Осы екі сөздің бірігуі нәтижесінде "Хорасан" атауы қалыптасқан. Аталған өңір климаттық белдеулердің орталық бөлігінде орналасқандықтан, оның суы мен ауасы қолайлы, ал халқының табиғаты байсалды, ақылды, дана, сондай-ақ күшті әрі қуатты болып келеді. Сондықтан Хорасан көптеген ірі қалаларды және шамамен бес жүзге жуық шағын қалалар мен елді мекендерді қамтитын беделді әрі маңызды аймақ болып саналады... Хорасанның шекаралары шығысында Систан аймақтарымен және Үндістанның кейбір өңірлерімен, солтүстігінде Мәуереннахр және Түркістан елдерімен, батысында Ажам Ирак, Жибал және Табаристан аймақтарымен, сондай-ақ осы өңірлер мен Хорасанның арасын бөліп жатқан шөлейт және құмды алқаптармен шектеседі..." (Gamze Mutlu 2024: 876).

Бірінші мәтінде екі шығарманың деректері бір-біріне өте жақын және толық сәйкес келетіндігі анық байқалады. Хорасанның тарихи-географиясына арналған екінші мәтінде Құрбанғали Халиди Кәтиб Челебидің дерегін толық көлемде келтірмей, тек негізгі мағынасын пайдаланады. Осыған сүйене отырып, Құрбанғали Халидидің Кәтиб Челебидің *"Жиһаннама"* еңбегін зерттеу барысында дереккөз ретінде қолданғанын дәл айтуға болады. Сонымен қатар, бұл жағдай Құрбанғали Халидидің тарихи және географиялық деректерді жинақтау әдісіндегі таңдамалылық пен қысқаша тұжырымдау ерекшелігін көрсетеді, яғни ол деректерді өз ғылыми мақсатына сай бейімдеп, жүйелендіргенін аңғартады.

Құрбанғали Халидидің *"Тауарих-и хамса-и шаркида"* өзінің дереккөзі ретінде көрсететін тарихи шығармалардың бірі "Шәжәрә-и түрк". "Шыңғыс тұқымын түбегейлі тексеремін дегендер "Шәжәрә-и түрк" (Түрк шежіресі) және "Мустафад әл-Ахбар" (Пайдаланылатын ақпарлар) кітаптарына қарасын", – деп жазады Құрбанғали Халиди (Халиди 2014: 94). Ол "Шәжәрә-и түрк" кітабында: "Оғұз ханның Қырғыз атты бір немересі бар еді. Соның ұрпағынан тараған ... ", – деген дерек келтіреді (Халиди 2025б: 59). Одан кейін *Тауарих-и хамса-и шаркида* келесі мәлімет береді: "Мансур – Халлаждан бұрын өмір сүрген белгілі қауым екеніне де күмән жоқ. Бұл үш сөздің ең дұрысы – "*Шәжәрә-и түрк"* кітабында жазылған "Оғыз ханның немересі" деген дерек. Ал Оғыз хан туралы моңғол-

татар тарауында толық жазылады" (Бұл үзінді қолжазбада жоқ) (Халиди 2025б: 60).

Бұл жерде көрсетілген "Шәжәрә-и түрк" Хиуа билеушісі және XVII ғасырдың белгілі тарихшысы Әбілғазы баһадүр хан белгілі "Шаджара-йи түрк" ("Түрік шежіресі") еңбегі. Қырғыз хан туралы мәлімет "Түрік шежіресінде" келтірілген. Онда "Оғұз ханның Қырғыз атты бір немересі болып еді. Бұлар соның нәсілінен", – деп жазады Әбілғазы баһадүр хан (Әбілғазы 1991: 34; Абуль-Гази 1906: 38)

Әбілғазы баһадүр хан шығармасында Ақсақ Темір мен Шыңғыс ханның ортақ атасы Тумне-хан туралы мәлімет келтіреді. Оның келтірген мәліметіне бойынша, Шыңғыс хан Тумне ханның 6-шы ұлы Қабыл ханнан тараса, Ақсақ Темір және бүкіл барлас руы Тумне ханның 3-шы ұлы Қажулдан тараған (Әбілғазы 1991: 48-50; Абуль-Гази 1906: 58-59). Құрбанғали Халиди Әмір Темірдің шежіресін келтіре Қажулы батырдан Бұртан ханға дейін әкеледі. "Осы ретпен Шыңғыс хан – ибн Иазади батыр – ибн Бұртан ханға қосылады да, одан ибн Қабыл хан арқылы ибн Тумне ханмен тоғысады", – деп жазады ол (Халиди 2025а: 71).

Келесі бір жерде Құрбанғали Халиди "Ауызша мәліметтерге сүйене отырып, Ыстықкөлдің орны – Шыңғыс ханның астанасы екен-мыс деп жаздық Алайда "Шежіре-и түркте" бұл шаһар Яфестің, яғни Түрк ханның мекені деп көрсетілген", – деп жазады (Халиди 2025б: 217). Әбілғазы баһадүр хан шығармасында Иафес туралы кеңірек берілген. Бізге маңызды мәліметті қысқартып келтірейік. "Иафестің сегіз ұлы бар еді, ұрпақтары көп болды. Олар мыналар: Түрік ... Иафес өлерінде өз орнына үлкен ұлы Түрікті отырғызып, өзге ұлдарына: "Баршаңыз Түрікті патша біліп, оның сөзінен шықпаңыздар, деп өсиет қылды ... Иафес (қазақша басылымда қате, "Түрікке Иафес ұлы деген лақаб қойылды, ол" – *авт.*) өте әдепті және ақылды кісі еді, атасынан кейін оның қалдырған жерін аралап көрді. Оған әсіресе Ыстықкөл деген жер қатты ұнады, сол жерде тұрып қалды", – деп жазады Әбілғазы баһадүр хан (Әбілғазы 1991: 12-13; Абуль-Гази 1906: 9)

Осыдан Әбілғазы баһадүр хан белгілі *"Шаджара-йи түрк"* ("Түрік шежіресі") еңбегі Құрбанғали Халидидің негізгі дереккөздерінің бірі болғанын көреміз.

"Тауарих-и хамса-и шаркида" Құрбанғали Халидидің пайдаланған тарихи шығармаларының бірі парсы тілінде жазылған *"Тарих-и Рашиди"* шығармасы. Бұл еңбек XIV-XVI ғасырлардағы Орталық Азияның тарихына байланысты негізгі дереккөз болып саналады. *Тарих-и Рашиди* 1546 жылы аяқталған, оның авторы – моғұлдын дуғлат (дулат/دوغلات) руынан шыққан белгілі тарихшы, ақын, Кашмир билеушісі Мырза Мұхаммед Хайдар. Шығармасында ол өз атын Мұхаммед Хайдар немесе Мырза Хайдар б. Мухаммед Хусейн гуркан (гурган, гураган – ханның күйеу баласы) деп атайды: میرزا حیدر ابن محمد حسین کورگان (Дуғлат 2004: 233).

Құрбанғали Халидидің *"Тарих-и Рашидиді"* пайдаланғаны оның "Тоғылық Темір хан туралы" бөлімінде анық байқалады. Бұл бөлімде Моғұлстан мемлекетінің негізін қалаған Тоғылық Темір ханның хан (һиджраның 730-764 жж. / 1329-1364 жж.) баяны, оның исламды қабылдауы туралы мәліметтер келтіріледі (Халиди 2025а: 209-224). Мырза Мұхаммед Хайдар Моғұлстан билеушісінің ислам дініне өтуіне себепкер болған Мәулана Арша ад-Дин (Аршааддин) болғанын хабарлайды. Ол Бұхара қаласынан шыққан Шуджа ад-Дин Махмұдтың ұрпағы, оның аталары Шыңғысхан заманында Бұхарадан Қарақорымға жер аударылып, кейін олар Турфан мен Хотан арасындағы Катак және Луб қалаларына көшіп барады. Мәулана Арша ад-Диннің әкесі Шейх Жамал ад-Дин Катак қаласында мешітте қызмет етеді. Бір күні ол жұма намазға жиналған қауымға қаланы құм басатыны туралы, сондықтан қаланы тастап кету туралы өзіне Жартушыдан

әмір келгені туралы айтып, қаладан қашып кетеді. Қаланы құм басады, ал шейх Ақсу маңындағы Айкөлге келеді. Осы кезде әлі хан болып көтерілмеген 16 жасар Тоғылық Темір Ақсуда тұрып жатқан. Бірде ол аңға шыққанда жанына бірнеше адам жинаған Шейх Жамал ад-Динмен кезігіп қалады. Оның діндарлығын көрген жас моғұл билеушісі болашақта тәуелсіз хан болсам, мұсылмандыққа өтемін деп Шейх Жамал ад-Динге уәде береді. Алайда Тоғылық Темір Шейх Жамал ад-Дин дүниеден өткеннен соң ғана хан тағына отырады. Сондықтан әкесінің өсиетін орындап Мәулана Арша ад-Дин моғұл билеушісіне келіп, әкесіне берген уәдесін есіне салады. Содан кейін Тоғылық Темір ислам дінін қабылдап, мұсылман болады. Ол басқа моғұлдарды да исламға кіргізе бастайды. Тек шорас атты моғұл Мәулана Арша ад-Дин оның Санғұй Бұға (Сангани Буга) атты палуанымен күресіп, жеңсе, мұсылмандыққа иман келтіремін деп шарт қойды. Санғұй Бұға (Сангани Буга) өте күшті палуан еді, ол “тайлақты еркін көтеретін”. Алайда Мәулана шартқа келісіп, күреске шықты “Бір-бірімен қолдасқан сәтте маулана оның төсіне қолын қойып, итере салды, кәпір жығылып, есінен таңды. Бір шама уақыттан кейін есін жиып, кәлима шаһадатты айтып, жылап-еңіреп орнынан тұрды да маулананың аяғына жығылды", – деп жазады Мырза Мұхаммед Хайдар (Дулати 2015: 65-69).

Мырза Мұхаммед Хайдар келтірген бұл аңыз-әңгіме Құрбанғали Халидиде кейбір айырмашылықпен берілген. Ең алдымен *“Тауарих-и хамса-и шарки”* еңбегінде моғұлдар "қалмақтар" деп аталады. Ал Шейх Жамал ад-Динді ол Мәулана Жалал ад-Дин деп атайды, ол Кетік (Катак) қаласына Бағдаттан келген деп көрсетіледі. Ал оның Тоғылық Темірмен кездесуі моғұл билеушісінің аңға шыққан кезінде емес, Ақсу шаһарының өзінде болған. Хан өзі арнайы қалаға келіп, құм басқан қала туралы кім не белетінін сұрағанда, Мәулана Жалал ад-Дин мүридтерімен келіп, ханмен оңаша әңгімелеседі. Олар әңгімелесіп отырғанда намаз уақыты келіп, Жалал ад-Диннің бір мүриді дауыстап азан шақырады. Хан таңғалып, мұның не екенін сұрайды. Жалал ад-Дин "мұның Мұхаммедтің азаны екенін айтып", болашақ ханды ислам дінімен таныстырады. Кейін, әкесі дүниеден өткеннен соң, Жалал ад-Диннің баласы Ғаршуддин Іле суының бойындағы Жем өзеніне арнайы барып, Тоғылық Темір ханды исламға кіргізеді. “Қарамағындағы ислам дінін қабылдағандардың саны 700-ге жеткенше, ол бұл дінді қабылдағанын жасырып жүреді”, деп көрсетеді Құрбанғали Халиди. Мұндай мәлімет Тарих-и Рашидиде келтірілмейді және оның мәліметтерімен үйлеспейді. Сонымен қатар Құрбанғали Халиди Мәулана Ғаршуддинмен күрескен “қалмақтың” есімін атамайды, тек оның “ұзын бойлы, ірі, зіңгіттей жігіт” екенін жазады. Алайда күресте "шағын денелі, арық” Мәулана жеңіске жетеді. “Палуанды көкке көтеріп, жерге лақтырады, сол бетте палуан о дүниеге аттанып кетеді” *(бұл мәлімет мәтіннің логикалық мазмұнына қайшы келеді, себебі келесі сөйлемде палуанның тірілгені айтылады).* “Палуанның көз алдына ақырзаман елестейді", оны періштелер тозақ отына тастамақшы болады. “Мені босатыңдар, мұсылман болайын”, деп жылап-сықтайған палуанды періштелер жібере салады. “Палуан қуанғаннан: “Лә иләһә иллаллаһ, Мұхаммәд расулуллаһ”, – деп кәлимаға келіп, орнынан тұрады”, делінген Құрбанғали Халидидің *Тауарих-и хамса-и шарки* шығармасында (Халиди 2025а: 213-219).

Осы келтірілген мәліметтерден Мырза Мұхаммед Хайдар мен Құрбанғали Халиди жазғандары қаншалықты жақын екенін байқауға болады. Тоғылық Темір ханның хан исламды қабылдауы туралы аңыз-әңгіме ортағасырлық жазба деректерде алғаш *“Тарих-и Рашиди”* еңбегінде көрініс тапқаны белгілі. Мырза Мұхаммед Хайдар бұл әңгімені "мен шыншыл да киелі жан маулананың (Қожа Ахмедтің) өз аузынан естіген едім. Бірақ моғолдар арасында таралған Тоғылық Темір ханның маулана Аршададдин

ықпалымен мұсылман болғандығы туралы ауызша әңгімелерден басқа оқиғалар ешкімнің есінде қалмаған", – деп жазған (Дулати 2015: 70). Сондықтан Құрбанғали Халидидің өз шығармасында Мырза Мұхаммед Хайдардың *"Тарих-и Рашиди"* еңбегін пайдаланып, өзінше өңдеген деп нық сеніммен айтуға болады.

Мырза Мұхаммед Хайдардың Тоғылық Темір ханның хан исламды қабылдауы туралы аңыз-әңгімені Әбілғазы баһадүр хан өзінің *"Шаджара-йи түрк"* еңбегінде қысқартып келтіреді (Әбілғазы 1991: 105-107; Абуль-Гази 1906: 138-140). Мысалы, мұнда *"Тарих-и Рашиди"* мен *"Тауарих-и хамса-и шаркида"* жазылған Катак қаласын құм басқаны туралы аңыз келтірілмеген. Сондықтан Құрбанғали Халиди өз шығармасында Әбілғазы баһадүр ханның *"Шаджара-йи түркті"* өз дереккөздерінің бірі ретінде көрсетсе де, бұл мәліметтерді одан алуы мүмкін емес.

Сонымен қатар, Құрбанғали Халиди өзінің дереккөзі ретінде көрсететін тарихи шығармалардың бірі *Мустафад әл-ахбар. Мысалы, Тауарих-и хамса-и шаркида* "өзбек" атауына байланысты айтылған жерде "олардың "өзбек дап аталуы осы "өзбек елі" деген сөзбен тікелей байланысты болса керек. "Мустафаду-ль-Ахбар" кітабының авторы да осылай дейді" (Бұл сөйлем қолжазбада жоқ – ауд.), – деп жазылған (Халиди 2025б: 35). Шыңғыс хан ұрпақтарына қатысты бөлімінде де Құрбанғали Халиди Әбілғазы шығармасымен бірге "Мустафад әл-Ахбар" кітабын пайдаланылғанын жазған (Халиди 2014: 94).

"Мустафад әл-ахбар фи ахвали Казан уа Бұлғар" ("Қазан және Бұлғар тарихы үшін жиналған мәліметтер") – Құрбанғали Халиди XIX ғасырдағы татар тарихшысы, ойшыл әрі ағартушы Шиһабуддин Маржанидің (1818-1889) түркі тарихына арналған ең маңызды әрі кең танылған еңбегі. Бұл шығармада автор ортағасырлық жазба, әдеби және нумизматикалық деректерге сүйене отырып, Шыңғыс хан дәуірінен кейінгі хандықтар мен мемлекет билеушілерінің тарихын жүйелі түрде жазған. Еңбектің бірінші кітабы 1885 жылы, екіншісі 1900 жылы жарық көрген (Махаева, Маратұлы 2025: 91).

Сондай-ақ *"Тауарих-и хамса-и шаркида"* XIX ғасырда Қазақстанның оңтүстік өңірі кірген Қоқан хандығына қатысты берілген мәліметтер Маржанидің еңбегіндегі мәліметтермен көп жағдайда сәйкеседі. Мысалы, Құрбанғали Халиди келтірген "Алтын бесіктің ата-тегі туралы" аңыз Маржанида да кездеседі. Бұл аңызға сәйкес, Орта Азияны билеген Әмір Темір ұрпағы Мырза Захир ад-Дин Бабыр "Абдулла әл-Асам" басқарған өзбектерден Үндістанға қашқанда Ферғана өлкесі арқылы жүреді. Жолда оның жаңа дүниеге келген баласы қалып қалады. Оны тапқан адамдар, бала алтын бесікте жатқандықтан, баланы "Алтын бесік" деп атайды. Қоқан хандары осы Бабырдың ұлы Алтын бесіктің ұрпағы болып табылады. Құрбанғали Халиди баланың Бабырдан туғаны туралы аңызды өзбектің тұрғауа тайпасының басшысы (райысы) Бабыр деген адам екенін жазады (Халиди 2025а: 67-71). Алайда Маржани мен Құрбанғали Халидида кейбір өзгешіліктер бар. Мысалы, ол "Абдулла әл-Асам" емес, Убайдулла деп көрсетеді, ал "Таргава" Құрбанғали Халиди жазғандай тайпа аты емес, жер аты. Бірақ Қоқан хандарының билеген жылдары Маржани мен Құрбанғали Халидида бірдей көрсетілген (Марджани 2022: 164-165). Негізі *"Тауарих-и хамса-и шарки мен Мустафад әл-ахбар"* мәліметтерін салыстыру Құрбанғали Халидидің Маржанидың еңбегін кеңінен пайдаланғаны көрсетеді.

Құрбанғали Халиди келтірген мәлімет бойынша Алтын бесіктің арғы атасы Бұртан хан. "Темір мен Шыңғыс осы Бұртан ханнан барып қосылады", – деп жазады ол (Халиди 2025а: 71). Осындай мәлімет Қоқан тарихшысы Молла Нийаз Мұхаммад 1871-72 жылдары парсы тілінде жазған *"Тарих-и Шахрухи"* шығармасында да келтірілген (Бейсембиев 2009: 217).

Алайда Құрбанғали Халидидің бұл шығарманы пайдаланды деп айтуға, оның Қоқан хандығы тарихына қатысты мәліметтері Молла Нийаз Мұхаммадтың мәліметтерінен өзге екені кедергі жасайды. Сондықтан бұл мәселе қосымша зерттеулерді талап етеді.

Қорытынды

Құрбанғали Халидидің "Тауарих-и хамса-и шарқи еңбегі" – Орталық Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан аумағындағы бірқатар халықтардың тарихы мен этнографиясы, тарихи-географиясына қатысты құнды жазба жәдігер. Зерттеу нәтижелері төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. Қ. Халиди өз еңбегінде кең ауқымды дереккөздерді – ортағасырлық мұсылман тарихнамасын, түркі шежірелерін және заманауи шығыстанушылар еңбектерін кешенді түрде пайдаланған.

2. Автор өз еңбегінде ат-Табаридің (X ғ.) "Тарих ар-русул уә-л-мулук" ("Пайғамбарлар мен патшалар тарихы"), Ибн Халдунның (XV ғ.) "Китаб әл-'ибар", Мирхондтың (XV ғ.) "Раузат ас-сафа", Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың (XVI ғ.) "Тарих-и Рашиди", Кәтиб Челебидің (XVII ғ.) "Жиһаннама", Әбілғазы баһадүр ханның "Шаджара-йи түрк" ("Түрік шежіресі") "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбектеріндегі мәліметтерді келтірген.

3. Зерттеу барысында Құрбанғали Халиди қолданған "Жаһаннама" дереккөзі Кәтиб Челебиге тиесілі екені анықталып, еңбектің деректанулық негізі нақтыланды.

4. Автор деректерді тек жинақтап қана қоймай, оларды салыстырып, сыни тұрғыдан талдап, өзіндік тарихи тұжырымдар жасаған.

5. Құрбанғали Халиди еңбегі қазақ тарихнамасының дамуына маңызды үлес қосып, қазіргі кезеңде де ғылыми маңызын жоғалтпай отыр. Жалпы алғанда, "Тауарих-и хамса-и шарқи" – тек тарихи еңбек емес, сонымен қатар түркі халықтарының тарихи жадын сақтаған, олардың мәдени және өркениеттік дамуын көрсететін бірегей жазба мұра болып табылады. Болашақта бұл еңбекті деректанулық, текстологиялық және цифрлық гуманитаристика тұрғысынан терең зерттеу өзекті бағыттардың бірі болып қала береді.

Acknowledgments

The authors of the article expresses their gratitude to the editorial team and the reviewers.

Алғыс

Мақала авторлары редакция ұжымына және рецензенттерге алғысын білдіреді.

Благодарности

Авторы статьи выражает благодарность редакционной коллегии и рецензентам.

Әдебиеттер тізімі

Ammāsh Ṣ.M. *Qutayba ibn Muslim al-Bahili: the campaigns of the eastern and northern armies in Transoxiana.* Iraq: Ministry of Culture and Arts. 1978.

an-Narshahi – Abu Bakr Muhammad ibn Dzha'far an-Narshahi. Ta'rih-i Buhara. *Istoriya Buhary.* Perevod, kommentarii i primechaniya Sh. Kamoliddina. Arheologo-topograficheskij kommentarij E. Nekrasovoj. Tashkent: SMIA-SIA. 2011. 600 p.

Aṭ-Ṭabarī – *Annales written by Abu Ja'far Muhammad ibn Jarir al-Tabari,* edited with others by M. J.Al- de Goeje. Series I–III. Leiden, 1879–1901. 1964.

At-Tabari Muhammad ibn Jarir al-Tabari. *The History of Prophets and Kings.* Edited by Muhammad Abu al-Fadl Ibrahim. V. 6. Al-Kahira: Dar al-Ma'rif. 1964.

Ahmed El Shamsy. *Rediscovering the Islamic classics: How editors and print culture transformed an intellectual tradition.* Princeton University Press. United States of America. 2020. 295 p.

Duglat Mirza Muhammad Hajdar Duglat. *Tarih-i Rashidi.* Edited by Dr. Abbasquli Ghaffari Fard. Tehran. 1383. 2004. 860 p.

Erol H.İ. 1798-1850 Printing in Egypt: Publishing and Translation Activities in the Field of History. *Journal of Turkish and Middle Eastern Studies.* 2020. No.7(2), pp.171-208.

Gamze Mutlu. *Cihânnümâ, Topkapı-Revan manuscript of 1624: Study, Text, and Glossary. (Doktora tezi)* İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. İstanbul. İstanbul. 2024. 2703 p.

İnan G. Remarks on the part of Ottoman history in Nişancızâde's Mir'âtü'l-Kâinât. *Kadim*. 2022. No.3, pp.107-132. https://doi.org/10.54462/kadim.1074183

Ibn Haldun. *Ibn Khaldun's major historical work, commonly known as Kitāb al-'Ibar (or The Book of Lessons) and including the famous Muqaddimah (Prolegomena).* 1 tom. Bejrut: Dar əl-Fikr. 2001. 668 p.

Ibn Khaldūn. Al-Muqaddima. *Manuscript. Istanbul: Süleymaniye, Atıf Efendi,* no. 1936. Ibn Khaldūn. Al-Muqaddima. Corrected by Naṣr al-Hūrīnī. Bulaq, 1274. [1857]. Reprint. 1284 / [1867].

Ibn Khaldūn. Tercüme-yi *Mukaddeme-yi İbn Haldûn. Translated from Arabic to Ottoman Turkish by Meḥmed Ṣāḥib Pīrīzāde.* Bulaq. 1275/ [1858 or 1859].

Karakaş-Özür N. Reflections of Cihannüma: A document analysis]. *Journal of Geography, Faculty of Letters, Istanbul University.* 2014. No.29, pp.120-144.

Muhammad *ibn Khāwandshāh al-Balkhī, known as Mīrkhwand. Rawḍat al-Ṣafā fī Sīrat al-Anbiyā wa-l-Mulūk wa-l-Khalīfa (The Garden of Purity in the Lives of the Prophets, Kings, and Caliphs)*. Tekhran: 1373 (1994). 1319 p.

Nişancızâde Mehmed Efendi. *Mir'ātü' l-Kā'ināt, I-II. Egypt: Matba'at Bulaq*, 1269/1852. https:// dn721506.ca.archive.org/0/items/McGillLibrary-rbsc_isl_mir-at-i-ka-inat_folioDS377N51853-18924/rbsc_isl_mir-at-i-ka-inat_folioDS377N51853.pdf

Üstüner A. Ottoman Geographical Studies in the Post-Classical Period. *Turkey Studies Literature Journal.* 2019. No.17(33), pp.41-104.

Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 20-том. Қ. Халиди. Тауарих хамса. Құрас.: Қорабай С., Құдасов С. Тауарих хамса. Мәтін 39-258-бб. Тауарих хамса. Факсимиле 259-373 бб. Алматы: Таймас баспа үйі. 2013. 400 б.

Әбілғазы. *Түрік шежіресі.* Көне түрік тілінен аударған Б. Әбілқасымов. Алматы. 1991. 208 б.

Абуль-Гази Багадур-хан. *Родословное древо тюрков.* Перевод и примечания Г.С. Саблукова. Казань. 1906. 352 с.

Бартольд В. *Туркестан в эпоху монгольского нашествия.* Сочинения в 9 т. Т. I. Москва: Вост. литры. 1963. 760 с.

Бейсембиев Т. *Кокандская историография: исследование по источниковедению Средней Азии XVIII-XIX веков.* Алматы. 2009. 1263 с.

Ван Чжилай王治来. *Орта Азия тарихы*中亚通史. I том. Ежелгі заман古代卷. Үрімжі. 2004. 264/371 б.

Дулати М.Н. Тарих-и Рашиди: литературно-мемуарное произведение. ауд. М. Казыбек, А. Нуралиев. Алматы: Издательство "Мирас". 2015. 768 с.

Жұртбай Т. *Құрбанғали Халиди. Тауарих-и хамса-и шарки.* Қ. Халиди. Астана. 2015. 284 б.

Кармышева Дж. Х. Казахстанский историк-краевед и этнограф Курбангали Халиди. *Советская этнография.* 1971. No.1, с.100-110.

Қазақ қолжазбалары: Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары (б.д.д. V ғ. бастап – XX ғ. дейін): 10 томдық басылым. Түпнұсқадан қазақ тіліне ауд. Т. Жұртбай, Б. Мұстафаев, Ш. Бегімтаев. Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия Ұлттық ун-ті жанындағы "Отырар кітапханасы" ғылыми орталығы. Алматы: Ел-шежіре. 2018. Т.10. 496 б.

Құрбанғали Халид. *Тауарих Хамса (бес тарих):* ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. Астана: ТОО "Prosper print". 2014. 286 б.

Махаева А.Ш., Маратұлы Т. Қарахан мемлекетінің тарихнамасында Ш. Маржанидің алатын орны. *Turkic Studies Journal.* 2025. Т.7, no.2, 86-105 бб.

Мұқанова А.Н. *Құрбанғали Халидтің "Тауарих хамса" еңбегі қазақ тарихының дерегі ретінде".* Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. Қарағанды. 2007. 29 б.

Мустафаев Б. Құрбанғали Халидидің "Тауарих-и хамса-и шарқи" еңбегіндегі Ферғана хандарының баяны бөліміне талдау. *Қазақ тарихы электронды журналы.* 2024. No.4(184), 4-14 бб.

Тулибаева Ж. Исторические связи казахов с узбекскими ханствами в XVIII веке по данным сочинений центральноазиатских авторов Нового времени. *Gumilyov Journal of History,* 2026. Vol.154, no.1, pp.178-94, https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-178-194

Халиди Қ. *Тауарих-и хамса-и шарқи.* Қазан: Өрнек баспасы. 1910. 798 б.

Халид Қ. *Тауарих хамса (Бес тарих):* ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. Алматы: Қазақстан. 1992. 304 б.

Халиди Қ. *"Таурихи-и хамса-и шарқи" – Шығыстың бес елінің тарихы: бірінші кітап.* Астана: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының баспа-редакция орталығы. 2019. 326 б.

Халиди Қ. *"Таурихи-и хамса-и шарқи" – Шығыстың бес елінің тарихы: бірінші кітап*. Астана: Фолиант. 2025a. 344 б.

Халиди Қ. *"Таурихи-и хамса-и шарқи" – Шығыстың бес елінің тарихы: екінші кітап.* Астана: Фолиант. 2025b. 344 б.

Ысқақов Б. *Аягөз азаматы. Лениншіл жас. 1969. 11 қараша; Ұмытылмас есімдер. Ұлы ғалымдар өмірінен (XV-XX ғасырлар)*. Жинақ. Құрастырған және алғы сөзін жазған Б. Ысқақов. Алматы: Қазақстан.1994. 224 б.

Шагинян А.К. Упоминания о древних славянах (аṣ-ṣaḳālиба) у "отца мусульманской историографии" ат-Табари (839-923). *Петербургские славянские и балканские исследования*. 2022. No.1(31), Январь–Июнь, с.150-170.

Шигабутдин Марджани. *Полезные вести о состоянии Казани и Булгара (Мустафад ал-ахбар фи ахвали Казан ва Булгар); часть первая, перевод на русский язык; предисловие и перевод с арабского, старотатарского Р.К.* Адыгамова. Казань: Магариф-Вакыт. 2022. 216 с.

References

Ammash Ṣ.M. *Qutayba ibn Muslim al-Bahili: the campaigns of the eastern and northern armies in Transoxiana.* Iraq: Ministry of Culture and Arts. 1978. (in Arabic)

Al-Narshakhī – *Abu Bakr Muhammad ibn Ja'far al-Narshakhī. The History of Bukhara.* Translation, comments and notes by Sh. Kamoliddin. Archaeological and topographical commentary by E. Nekrasova. Tashkent: SMIA-SIA, 2011. 600 p. (In Arabish)

Al-Ṭabarī - *Annales written by Abu Ja'far Muhammad ibn Jarir al-Tabari,* edited with others by M. J.Al- de Goeje. Series I–III. Leiden, 1879–1901. 1964. (in Arabic)

Al-Ṭabarī Muhammad ibn Jarir al-Tabari. The History of Prophets and Kings. Edited by Muhammad Abu al-Fadl Ibrahim. V. 6. Al-Kahira: Dar al-Ma'rif. 1964. (in Arabic)

Ahmed El Shamsy. *Rediscovering the Islamic classics: How editors and print culture transformed an intellectual tradition.* Princeton University Press. United States of America. 2020. 295 p. (in Arabic)

Gamze Mutlu. *Cihânnümâ, Topkapı-Revan manuscript of 1624: Study, Text, and Glossary.* (Doktora tezi) – İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. İstanbul. 2024. 2703 p. (in Turkish)

Gibb H.A.R. The Arab invasion of Kashgar in A. D. 715. *Bulletin of The School of Oriental and African Studies-university of London.* Vol.2: 1921-23, pp.467-474. (in English)

Duglat Mirza Muhammad Hajdar Duglat. Tarih-i Rashidi. Edited by Dr. Abbasquli Ghaffari Fard. Tehran, 1383. 2004. 860 p. (In Farsi)

Erol H.İ. 1798-1850 Printing in Egypt: Publishing and Translation Activities in the Field of History. *Journal of Turkish and Middle Eastern Studies.* 2020. No.7(2), pp.171-208. (in Arabic)

İnan G. Remarks on the part of Ottoman history in Nişancızâde's Mir'âtü'l-Kâinât. *Kadim*. 2022. No.3, pp.107-132. https://doi.org/10.54462/kadim.1074183 (in Turkish)

Ibn Haldun. *Ibn Khaldun's major historical work, commonly known as Kitāb al-'Ibar (or The Book of Lessons) and including the famous Muqaddimah (Prolegomena).* 1 tom. Bejrut: Dar əl-Fikr. 2001. 668 p. (in Arabic)

Ibn Khaldūn. The Muqaddimah. *Manuscript. Istanbul: Süleymaniye Library, Atıf Efendi coll., no. 1936. Ibn Khaldūn. Al-Muqaddima. Correc. by Naṣr al-Hūrīnī.* Bulaq, 1274. [1857]. Reprint. 1284 / [1867]. (in Arabic)

Ibn Khaldūn. *Translation of Ibn Khaldūn's Muqaddima. Translated from Arabic to Ottoman Turkish by Meḥmed Ṣāḥib Pīrīzāde.* Bulaq. 1275/ [1858 or 1859]. (in Turkish)

Karakaş-Özür N. Reflections of Cihannüma: A document analysis]. *Journal of Geography, Faculty of Letters, Istanbul University.* 2014. No.29, pp.120-144. (in Turkish)

Üstüner A. Ottoman geographical studies in the post-Classical period. *Turkish Studies Literature Journal.* 2019. No.17(33), pp.41-104. (in Turkish)

Muhammad ibn Khāwandshāh al-Balkhī, known as Mīrkhwand. Rawḍat al-Ṣafā fī Sīrat al-Anbiyā wa-l-Mulūk wa-l-Khalīfa (The Garden of Purity in the Lives of the Prophets, Kings, and Caliphs). Tekhran: 1373 (1994). 1319 p. (In Farsi)

Nişancızâde Mehmed Efendi. Mir'âtü' l-Kâinât, I-II. Egypt: Matba'at Bulaq, 1269/1852. https:// dn721506.ca.archive.org/0/items/McGillLibrary-rbsc_isl_mir-at-i-ka-inat_folioDS377N51853-18924/rbsc_isl_mir-at-i-ka-inat_folioDS377N51853.pdf (in Turkish)

Wang Zhilai 王治来. *A General History of Central Asia*`中亚通史. IVol. 1: Ancient Period古代卷. Urimzhi. 2004. 264/371 p. (in Kazakh /i n Chinese)

Literary Heritage. Twenty-Volume Edition. Vol. 20: Q. Halidi, Tauarih Hamsa. Compiled by Qorabaj S. and Qudasov S. Tauarih Hamsa: Text, pp.39–258; Facsimile, pp.259–373. Almaty: Tajmas Publ. House. 2013. 400 p. (in Kazakh)

Abilgazy. *Turik shezhiresi. Kone turik tilinen audargan B. Abilqasymov*. Almaty. 1991. 208 p. (in Kazakh)

Abul-Gazi Bagadur-han. *Rodoslovnoe drevo tyurkov. Perevod i primechaniya G.S. Sablukova.* Kazan. 1906. 352 p. (in Russian)

Barthold V. *Turkestan v epohu mongol`skogo nashestviya.* Sochineniya v 9 t. V. I. Moscow: Oriental Literature Publishing House. 1963. 760 p. (In Russian)

Bejsembiev T. *Kokandskaya istoriografiya: issledovanie po istochnikovedeniyu Srednej Azii XVIII-XIX vekov.* Almaty. 2009. 1263 p. (In Russian)

Dulati M.H. *Tarih-i Rashidi: adebi-memuarlyq shygarma. aud. Muhtar Qazy`bek, Absattar Nuraliev.* Almaty: "Miras" Publ. House. 2015. 768 p. (in Kazakh)

Zhurtbai T. *Qurbangali Halidi. / Tauarih-i hamsa-i sharki. Q. Halidi*. Astana. 2015. 284 p. (in Kazakh)

Karmysheva Dzh. Kazahstanskij istorik-kraeved i etnograf Kurbangali Halidi. *Soviet ethnography.* 1971. No.1, pp.100-110. (in Russian)

Qazaq qolzhazbalary: Kone turki zhane qazaq zhazba adebi muralary (b.d.d. V g. bastap – XX g. dejin): 10 tomdy`q basy`ly`m / Tupnusqadan qazaq tiline aud. Zhurtbay T., Mustafaev B., & Begimtaev Sh. , Scientific Center "Otyrar Kitaphanasy" at L.N. Gumilyov Eurasian National University.`. Almaty: El-shezhire. 2018. V.10. 496 p. (in Kazakh)

Mahaeva A., Maratuly T. Qarahan memleketinin tarihnamasynda Sh. Marzhanidin alatyn orny. *Turkic Studies Journal.* 2025. V. 7. № 2. Pp. 86-105 (in Kazakh)

Mustafaev B. Qurbangali Halididin "Tauarih-i hamsa-i sharqi" enbegindegi Fergana handary`ny n bayany bolimine taldau. *The Qazaq History Electronic Journal.* 2024. No.4(184), pp.4-14. (in Kazakh)

Muqanova A.N. *Qurbangali Halidtin "Tauarih hamsa" enbegi qazaq tarihynyn deregi retinde.* Author's abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Historical Sciences. Karaganda. 2007. 29 p. (in Kazakh)

Halidi Q. *Tauarih-i hamsa-i sharqi.* Kazan: Sample Printing House. 1910. 798 p. (in Kazakh)

Halid Q. *Tauarih hamsa (Bes tarih):* aud. B. Totenaev &. Almaty: Kazakhstan. 1992. 304 p. (in Kazakh)

Qurbangali Halid. Tauarih Hamsa (bes tarih): aud. B. Totenaev, A. Zholdasov. Astana: TOO "Prosper print". 2014. 286 p. (in Kazakh)

Tulibayeva Zh. Historical Connections Between the Kazakhs and the Uzbek Khanates in the 18th Century According to the Works of Central Asian Authors of the Modern Period. *Gumilyov Journal of History.* 2026. Vol.154, no.1, pp.178-94, https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-178-194 (in Russian)

Halidi Q. *"Taurihi-i hamsa-i sharqi" – shygy`styn bes elinin tarihy: birinshi kitap*. Astana: Publishing and Editorial Center of the QR National Academic Library. 2019. 326 p. (in Kazakh)

Halidi – Khalidi Q. *"Taurikhi-i khamsa-i sharqi" – Shygystyn bes elinin tarikhy: 1 kitap.* Astana: Foliant. 2025a. 344 b. (in Kazakh)

Halidi – Khalidi Q. *"Taurikhi-i khamsa-i sharqi" – Shygystyn bes elinin tarikhy: 2 kitap.* Astana: Foliant. 2025b. 344 b. (in Kazakh)

Iskakov B. Ayagoz azamaty. Leninshil zhas. 1969, 11 qarasha. Umytylmas esimder. Uly galymdar omirinen (XV-XX gasyrlar). *Collection. Compiled and wrote the foreword. B.* Iskakov. Almaty: Kazakhstan: Publ. 1994. 224 p. (in Kazakh)

Shaginyan A. Upominaniya o drevnih slavyanah (aṣ-ṣaḳāliba) u "otcza musul`manskoj istoriografii" at-Tabari (839-923). *St. Petersburg Slavic and Balkan Studies*. 2022. No.1(31), Yanvar`–Iyun, pp.150-170. (In Russian)

Shigabutdin Mardzhani. *Poleznye vesti o sostoyanii Kazani i Bulgara (Mustafad al-ahbar fi ahvali Kazan va Bulgar);* chast' pervaya, perevod na russkij yazyk; predislovie i perevod s arabskogo, starotatarskogo R.K. Adygamova. Kazan': Magarif–Vakyt. 2022. 216 p. (in Russian)

Information about authors

Zibagul S. Ilyassova – Candidate of History, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University 2, Satbaev, 010000, Astana, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-6507-4364, zibagulilyasova@gmail.com

Nurlan A. Atygayev – Candidate of History, Professor, head of Department of History of Kazakhstan in Ancient and Middle Ages, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050000, Almaty, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-2696-1008, nuratygaev@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет

Зибагүл Сүлейменқызы Ильясова – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті Сатпаев к-сі, 2, 010000, Астана, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-6507-4364, zibagulilyasova@gmail.com
Нұрлан Әділбекұлы Атығаев – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісі Алматы, Достық даңғылы, Алматы, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-2696-1008, nuratygaev@mail.ru

Сведения об авторах

Зибагул Сулейменовна Ильясова – кандидат исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-6507-4364, zibagulilyasova@gmail.com
Нурлан Адилбекович Атыгаев – кандидат исторических наук, профессор, заведующий кафедрой древней и средневековой истории Казахстана, Казахский национальный педагогический университет им. Абая (д. 13, пр. Достык, 050000, Алматы, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-2696-1008, nuratygaev@mail.ru

Contribution of the authors

Z. Ilyassova – defined the scientific concept of the article's topic. She systematized the historical and documentary materials and prepared the initial draft of the introduction, main body, and conclusion. She ensured the overall substantive and methodological quality of the research. Additionally, she compared and analyzed materials in Arabic and Turkic languages with the studied work and prepared historiographical materials.
N. Atygayev – systematized the historical and documentary materials and prepared the final version of the introduction, main body, and conclusion. He ensured the overall substantive and methodological quality of the research. Furthermore, he compared and analyzed materials in Persian and Chagatai languages with the studied work and prepared historiographical materials.

Авторлардың қосқан үлесі

З.С. Ильясова – мақала тақырыбының ғылыми тұжырымдамасын айқындады. Тарихи-деректік материалдарды жүйелеп, мақаланың кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін алғашқы нұсқасын әзірледі. Жалпы зерттеу жұмысының мазмұндық және әдіснамалық сапасын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, араб және түркі тілдеріндегі материалдарды зерттелген шығармамен салыстырып, талдады. Тарихнамалық материалдар дайындады.
Н.Ә. Атығаев – тарихи-деректік материалдарды жүйелеп, мақаланың кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерінің соңғы нұсқасын әзірледі. Жалпы зерттеу жұмысының мазмұндық және әдіснамалық сапасын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, парсы және шағатай тілдеріндегі материалдарды зерттелген шығармамен салыстырып, талдады. Тарихнамалық материалдар дайындады.

Вклад авторов

З.С. Ильясова – определила научную концепцию темы статьи; систематизировала историко-документальные материалы и подготовила первоначальный вариант введения, основной части и заключения статьи; обеспечила содержательное и методологическое качество исследовательской работы в целом; сравнила и проанализировала материалы на арабском и тюркском языках по исследуемым произведениям; подготовила историографические материалы.
Н.А. Атыгаев – систематизировал историко-документальные материалы и подготовил окончательный вариант введения, основной части и заключения статьи; обеспечил содержательное

и методологическое качество исследовательской работы в целом; сравнил и проанализировал материалы на персидском и чагатайском языках по исследуемым произведениям; подготовил историографические материалы.

Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / ***Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 20.05.2026
Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 22.08.2026.
Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 10.09.2026